



## Есептің құрылымы

*1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:*

«Жұман» ШҚ бойынша биоорганикалық тыңайтқышты пайдалану және жүгері дақылының өнімділігін арттыру

*2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;*

Шаруақожалық егістік алқабы бойынша жүгері дақылына биоорганикалық тыңайтқыш БиоЭкоГум препаратын тиімді пайдалану шаралары ұйымдастырылды.

БиоЭкоГум биопрепаратымен өңдеу 2,5 л/т есебінен жүгері тұқымын егу алдындағы өңдеуді және 4-5 жапырақтану және 6-7 жапырақтану кезеңінде жүгері өсімдіктерін жапырақты үстеп коректендіруді жүргізуді, түйіндік тамырлардың 1-2 қабатының қалыптасуы кезінде жұмыс ерітіндісінің - 1 гектарға 5 литр препарат 200 литр тұтыну нормасымен сулы ерітіндімен өңдеуді қамтыды.

БиоЭкоГум - өсімдіктерге қол жетімді түрдегі қоректік заттармен байыту арқылы, әртүрлі органикалық шикізаттан арнайы питомниктерде компост құрттары өңдеген, вермикомпосттан алынған қою - қоңыр сұйық суспензия.

БиоЭкоГум құнарландырылған ғуминді биопрепаратында тірі бактериялық суспензия бар, ол тамырдың өсуіне, топырақтағы пайдалы микрофлораның концентрациясының артуына ықпал етеді, бұл өз кезегінде топырақтан өсімдікке қоректік элементтерді өткізгіші ретінде әрекет етеді.

*3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т.б.;*

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша Шәуілдір суармалы алқабының тұзданбаған және тұзданған топырақтарында ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру мақсатында «БиоЭкоГум» биопрепаратын енгізу ұсынылады:

- егу алдында тұқымдарды өңдеу – 0,25 л/100 кг;
- 4-5 жапырақ фазасында үстеп коректендіру - 5 л/га;
- 6-7 жапырақ фазасында үстеп коректендіру - 5 л/га;

Тұқымдарды себер алдында өңдеу және жүгері өсімдіктерін екі рет (4-5 жапырақ және 6-7 жапырақ фазаларында) «Биоэкогум» тыңайтқышымен бүрку морфологиялық құрылымына оң әсерін тигізеді. Тұқымдарды өңдеу және өсіп тұрған өсімдіктерді бүрку тұзданбаған топырақтарда жүгері өнімділігін бақылау нұскасымен салыстырғанда 40,0 %-ға дейін жоғарылатады.

3) Кеңес беруден фотосуреттер

